



ХҒТАР 16.01.09
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2024-148-3-283-295>

Затты жазу, суретті жазу және ой жазу кезеңдері

Т. Молдабай*^{ORCID}

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: talgatmoldabay@mail.ru)

Аңдатпа. Аталмыш мақала дала көшпелілерінің жазу мәдениетіне арналған. Жазу мәдениетінің алғашқы кезеңдері затты жазу, суретті жазу және ой жазу кезеңдеріне тиесілі деректер мен жазбаларға талдау жасап, тарихына үңіледі. Затты жазу кезеңінен бізге жеткен деректер негізінде оқиға желісін талдап, оның қазіргі таңға дейін жеткен танымдық әсерлеріне тоқталады. Суретті жазу кезеңіне тиесілі петроглифтер мен таңбаларға сюжеттік тұрғыда талдау жасап, көшпелілер танымындағы семантикасына үңіледі. Атап айтқанда Моңғолиядағы Шивээт Хайрхан, Аршан хад, Хойт-Цэнхэр, Бага-Ойгур, Ресейдің Таулы Алтай өңіріндегі Бичикт-Бом, Қаракөл, Тува өңіріндегі Бижикт-Хая, Бии-Хем, Хакасия өңіріндегі Қарасұқ жазбалары, Қазақстандағы Ақ-Бауыр, Жетісу, Таңбалы, Теректі Әулие петроглифтеріне тоқталады.

Автохтонды негізді көне түрік бітіг жазуының қалыптасуына тарихи, мәдени тұрғыда алғышарттар мүмкіндігін қарастырып, жазу тарихы кезеңдерінің орындалу барысына тоқталады. Көне түрік бітіг жазуын құраушы әріп таңбаларының архетиптеріне үңіліп, олардың дала көшпелілері өмір сүрген аймақтағы петроглифтер мен таңбалармен байланысына талдау жасайды. Осы арқылы көне түрік жазу мәдениетінің әлем мәдениетіндегі орнын анықтауға тырысады.

Түйін сөздер: жазу, петроглифтер, затты жазу, суретті жазу, мәдениет, таңба, жазу тарихы, дала көшпелілері.

Кіріспе

Ежелгі грек әліпбиінің алғашқы екі әріп таңбалары «алеф» пен «бета» әріптерінің дыбысталуы негізінде қалыптасқан «алеф+вета» (әліпби) атауы кейіннен «алфавит» болып орнықты және қазіргі таңда тіл термині, алфавитті жазу жүйесі, бір таңба бір дыбысты білдіретін жүйе атауы ретінде қолданылады.

Адамдар ерте кезден бастап өз ойын жеткізу құралына деген сұранысқа ие еді. Осы сұраныс негізінде затта жазу пайда болды. Белгілі бір заттар негізінде өз ойын басқаға балама түрде жеткізу адамзаттың мыңдаған жылғы еңбегінен туған үлкен өзгеріс еді. Себебі, адам ойы затқа айналып, ұстауға және тасымалдауға бейімделді. Әрине, бұл ойды жеткізу құралының көптеген кемшілігі бар еді. Дегенмен бұл құрал келесі жазу мәдениетінің кезеңін тудыруға себепші болды. Бұл суретті жазу кезеңі еді. Яғни, затты жазу, суретті жазудың пайда болуына алғышарт жасады. Суретті жазу (пиктография) адамзат өркениетінің жеткен жаңа жетістігі саналды. Себебі, адам өз ойын басқаға жеткізу үшін енді зат емес сурет пайдаланды. Бұл жаңа құрал суретті жазу затты жазуға қарағанда ойды жеткізу деңгейі нақты және жоғары еді. Бұл құрал адам ойын жан-жақты нақты жеткізбесе де, негізгі ойды жеткізуге мүмкіндік туғызған еді. Осы суретті жазуды қолдану жаңа сұраныстар туғызып, оның жаңа деңгейде дамуына жол ашты. Осылайша адамзат суретті жазуды дамыту арқылы жазу мәдениетінің тағы бір маңызды кезеңі идеографиялық жазу (ой жазуы) кезеңіне өтеді. Біз осы кезеңге тиесілі жазу үлгілері ретінде Мысыр, Крит, Шумер, Қытай мәдениеттерінің көне жазуларын айта аламыз [1; 2, б.15; 3].

Автохтонды негізді ежелгі дәуірдегі алғашқы жазулардың бірі көне Мысыр иероглифті жазуы (иероглиф – қасиетті жазу). Бұл жазу шамамен б.з.д. 4000 – 400 жылдары аралығында қолданыста болды.

Күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан, бірақ алфавитті жазулар қатарына жатпайтын автохтонды негізді көне жазу жүйелерінің бірі Қытай жазуы. Қытай жазуының бізге дейін жеткен ең көне нұсқалары б.з.д. XVIII-XII ғасырларға тиесілі. Осы үлгілер негізінде Қытай жазуының көне нұсқаларының идеограммалық негізді таңбалардан түзілгендігін, кейіннен даму барысында бұл таңбалардың логограммалық таңбаларға өзгергендігін анық байқауға болады [1, б.112; 3].

Жазу тарихы ғылымында әлі күнге дейін зерттелмеген бірнеше жазу түрлері бар. Соладың бірі, көне түрік бітігі жазуы. Біз бұл зерттеуімізде осы көне түрік бітігі жазуының ортаға шығуына себеп болған дала көшпелілеріне тиесілі жазу мәдениетінің алғышарттарына тоқталып, осы алғышарттарға нақты деректер мен материалдар негізінде талдау жасайтын боламыз.

Зерттеу әдістері мен дереккөздері

Біз бұл зерттеу жұмысымызда алға қойған мақсатқа жету үшін жалпы ғылыми әдісте, оның ішінде жалпыдан жекеге, жекеден жалпыға жүйелеу және жіктеу (классификациялау) әдісін, тарихи деректер негізінде талдау әдістерін қолдандық.

Зерттеуіміздің негізгі нысаны дала көшпелілерінің жазу мәдениеті тарихына үңіліп, дереккөздер мен материалдарға нақты сілтемелер беру арқылы тарихи деректанымдық тұрғыда талдау жасадық. Жазба деректерді хронологиялық негізде іріктеп, ондағы жазу түрлеріне тарихи-салыстырмалы талдау жасадық.

Зерттеудің нәтижелері және талқылау. Жазу тарихының алғышарты: затты жазу (предметное письмо). Адамның ойын, сөздерін алысқа және уақыт өткеннен кейін де жеткізуге қажетті сөз, ым, ишара сияқты байланыс құралына деген қажеттілік қарабайыр халықтарда да болды. Бұл халықтардың басшысы да өз қарауындағы қауымға қатысты азық-түлік қоры, мал басы, жан саны, жауынгер саны сияқты мәліметтерге ие болуы керек еді. Осы сияқты көптеген ақпараттарды бір адамның жадында сақтау мүмкін емес еді. Бір ұлы жеңісті немесе халыққа орасан зор шығын әкелген аштықты халық жадында сақтау үшін қолданылған жырлар мен дастандардың ғұмыры жыршы мен дастан баянгерінің ғұмырымен ғана өлшенетін қысқа сақтау және жеткізу құралы еді. Осы мақсатта бұл ұлы жеңістер мен қиындықтарды еске түсіретін символикалық заттар, яғни, сол ақпараттарды жадымызда қайта жаңғыртатын, еске түсіретін символикалық заттарға деген сұраныс шеңберінде қазіргі ғылымда «затты жазу» деп аталатын қарабайыр ақпарат құралы пайда болды. Бұл қарабайыр затты жазудың ерте заманғы халықтар үшін қызметі және жазу тарихындағы бір мезеттік ақпаратты (мгновенным сигнал) ұзақ уақытқа есте сақтауды қалыптастырған заттай элементтер арқылы қалыпты ақпарат түріне айналдыруы затты жазудың (предметный письмо) бастауы болды. Бұл адамзат үшін үлкен жетістік еді. Адамдар тек ғана ауызекі сөйлеу тілімен ғана емес, заттармен, затты білдіретін бейне сызбалар арқылы ақпарат алуға мүмкіндік алды. Мысалы: базарда «жеміс сатам» деп айқайлап айтқан мен алдындағы сөресіне жеміс жидегін заттай жайып қойған адамның немесе осы жеміс жидектердің суретін салып дүкенінің маңдайшасына іліп қойған саудагердің берер ақпараттары бірдей болмақ. Сөздің затқа ал заттың суретке айналуы жазу тарихының басы десек де болады. Әрине, алғашқы суреттер шартты символикалық мәнге ие екендігін ұмытпауымыз керек. Қара киім кию немесе жамылу бұл осы жанұяда бір «қайғы», «өлім» болғанын білдірсе, неке жүзігі бұл адамның «үйленгендігін» білдіреді. Қазір қолданылып жүрген елдердің тулары, арнайы қызметтердің киімдері (сақшы, дәрігер, дәнекерші) де осы затты жазу түріне жатады. Ендеше біз әлі күнге дейін белгілі бір мөлшерде осы затты жазу түрлерін пайдаланып келеміз. Әлемдегі көптеген халықтардың мәдениетінде осы затты жазу белгілері көптеп кездеседі. Дала көшпелілерінде жал құйрығы күзелген жылқы өлген адамға құрбандыққа арналғандығын білдірген және мал ұрыларының өзі бұндай малдарды ұрламаған. Ал әйел адамның шашын жаюы қайғыны білдірген. Қазақ халқында үкілі кепеш қызды, орамал отбасылы әйелді, кимешек немере көрген әже екендігін білдірген. Әлем халықтарындағы затты жазу үлгілері хақында жазу тарихының білгірлері В. Данцеляның, И. Войленің, И. Фридрихтың кітаптарынан оқи аласыздар [4; 5; 1].

Тарихта осы затты жазу түрін қолдану арқылы басқасына өз ойын жеткізуге тырысқан «жазбаларды» (заттар арқылы) білеміз. Бұл жайлы ең көне мағұлмат тарихтың атасы деп жүрген Геродоттың жазбаларында кездеседі. Сақтардың (скиф) жеріне басып кірген

парсы патшасы Дарий олардың көсемінен «заттай» хабар алады. Ол хабардың заттары құс, тышқан, бақа және бес садақ жебесінің ұшы еді. Ол хабарды Дарийге жеткізген Гобрий: «құс болып аспанға ұшып кетпесең, тышқан болып жерге кіріп кетпесең, бақа болып суға сүңгіп кетпесең сен бұл оқтардан құтыла алмайсың» деп жорыған [6].

Затты жазу – жазу дамуының барлық процестерін бойында көрсете алатын ерекше қасиетке ие: зат өз бетінше тікелей ақпаратты бере алмағанмен, оның абстрактілі мағынадағы ұғымдары мен оның атауымен ұқсас дыбысталатын дүниелерді де жеткізу үшін қолданылды. Мысалы, дала көшпелілерінде жұт жылдары отарлап кеткен әулеттің ерлері өз әулеттеріне тұрған жерлеріндегі ерекше шөп немесе ағаш бұтақтарын, сүрленген немесе жас мал етін, қой құмалағы немесе майда тастар жіберген. Әулет адамдары жіберілген сәлемдемеге қарап, шөп немесе бұта арқылы қайда екендігін, мал етінің сүрленген, жас, семіз немесе арық екендігіне қарап олардың жағдайын, құмалақ немесе майда тас арқылы мал санын анықтаған. Бұтақ арқылы таулы немесе орманды жерде екендігін, арнайы шөп түрі арқылы далалық аймақтың қай жерінде екендігін, сүрленген ет арқылы олардың қоры мол екендігін, жас еттің семіз арықтығына қарап олардың малдарының күйін, құмалақ саны арқылы мал санын (он немесе жүзге көбейткен), ал тас болса нақты санын анықтаған.

Осылайша затты жазу мен оның дыбысталуы арасында байланыс орнап, жазудің негізгі мақсаты іс жүзінде жүзеге асқанын көруге болады. Осылайша жазудың ең ерте формасы белгілі бір дәрежеде дыбыстық ребус арқылы фонетикалық белгіге айналады. Бұл жазу таңбаларының фонетизациялануы деп аталатын күрделі құбылыс. Біз бұны кейіннен суретті жазу (пиктографиялық жазу) кезеңінде жиі байқайтын боламыз. Бұл кезеңдегі жазудың бейнеленген суреті, графикасы ол заттың мағынасын ғана беріп қоймай, сол заттың сол тілдегі дыбысталуымен бірдей дыбысталатын басқа бір заттың атауымен сәйкестендірілуі арқылы орындалғанын байқаймыз [7, б.5].

Жоғарыда келтірілген мысалда іс жүзінде қолданылған зат пен оның болмысы арасында ешқандай айырмашылықтың жоқ екендігіне қарамастан ол заттың сол этностың танымындағы абстракті ұғымы негізінде ойды жанамалай жеткізу, ақпарат беру басты мақсат болып отыр.

Бұл ақпараттар көбінесе мнемоникалық жүйе арқылы затты белгілер арқылы немесе ауызекі әдебиеті мен тарихында арнайы тілдік жады арқылы сақталған. Мнемоникалық жүйе – бұл ақпаратты сәтті және тиімді есте сақтауды қамтамасыз ететін әдістер жүйесі. Негізгі идеясы ұзын сонар оқиғаны нақты ерекше белгілерге айырып сол белгілерді ортақ бір таңба немесе сурет арқылы оқиғаны толық есте сақтауға негізделеді. Мысалы, қазақ халқының ауыз әдебиетінде жадыға ерекше орын берілген. Көп дүниені жадында сақтауға тырысқан. Сол себепті ауыз әдебиеті ерекше дамыған деп есептеймін. Біздің аталарымыз ерекше оқиғаларды сол жыл мен ерекше оқиғаны байланыстыру арқылы есте сақтаған. Мысалы, «Қоян жылғы қырғын», «Мешін жылғы жұт» сияқты нақты белгілері негізінде жадыға сақтап, оқиға өрісін баяндау, баяндаушының шеберлігі негізінде өңделіп, әдемілеп жеткізіліп отырған. Осы себепті біздің көптеген жырларымыз, эпсаналарымыз, дастандарымыздың бірнеше нұсқалары бар. Себебі, әр жыршы өз бояуын қосып, өңдеп отырған. Белгілі бір уақыт пен арақашықтық бұл

жырлар арасындағы айырмашылықты арттырып, негізгі сюжеттен басқа көп дүние өзгеріп кетеді. Осылайша жырдың басқа нұсқалары пайда болады.

Идеографиялық жазу (Суретті ой жазуы). Затты жазу мен ой жазу арасындағы шекараның өте нәзік екенін біз бұған дейін бірнеше рет атап өттік. Мысалға түйе шаруашылығы мен оның кіреберіс қақпасы үстіне жазылған атауы мен «түйе» суреті арасындағы ақпаратты жеткізу бойынша ешқандай айырмашылығы жоқ. Әсіресе байырғы қарабайыр адамдар үшін түйе суреті мен түйе арасында ақпараттық қабылдау тұрғысында, мағынасында ешқандай айырым болмаса керек. Бірақ жазудың даму тарихы тұрғысында заттың суретке айналуы өте үлкен прогресс. Осы прогресс арқылы зат өз болмысынан ажырап, таңбаға (суретке) айналды. Енді оны кез келген тақтаға, тасқа немесе қағазға салып, тасымалдауға қол жеткізілді. Бұл жазу тарихының бастауы десек де болады.

Сондай-ақ, суретті жазу арқылы ым-ишара сияқты хабарламалардың басқа түрлерін «жазуға» түсіруге болатындығын атап айтуымыз керек. Сұқ саусақтың суретін белгілі бағытқа көрсету арқылы көлдің суретін салсақ осы көрсетілген бағытқа жүрер болсақ көлге баратындығымызды түсіруге болады.

Суретті жазуды сурет өнерімен шатастырмау керек, бірақ олардың арасындағы шекара анық емес. Сурет тек көркемдік-эстетикалық толғаным объектісі болу мақсатымен көрген, басынан өткерген, т.б. ой мен зат туындысын бейнелеу болса, суретті жазуда суретті жеткізудегі көркемдік көп жағдайда соншалықты маңызды емес, ол тек хабарды жеткізу құралы ғана. Бірақ сурет пен суретті жазу екеуі де бейнелеу техникасына тәуелді. Екеуі де бейнелеу әдістерін қолданады.

Көне түркілер өмір сүрген Еуразия далалық аймағында осы жазу түрлеріне жататын көптеген петроглифтерді көре аламыз. Атап айтар болсақ: Моңғолияда Шивээт Хайрхан, Аршан хад, Билуут-Толгой, Бичигт Улаан Хад, Хойт-Цэнхэр, Бага-Ойгур, Чандаман, Чулуут, Яманы-ус. Ресейдің Таулы Алтай өңіріндегі Бичикт-Бом, Қаракөл, Қалбақ-Таш, Қатун, Куйлю, Құрман-Таш, Құйус, Қызыл-Жар, Ұқоқ, Турочакск жазбалары, Тува өңіріндегі Алаға, Алды-Мозаға, Бижикт-Хая, Би-Хем, Мортұқ, Догээ-Баары, Ийме, Қара-Бұлун, Қазырған қорғаны, кіші Баян-Көл, Мұғұр-Саркөл, Окуневск петроглифтері, Орта-Саркөл, Саамчыыр Ұжу, Сыын-Чурек, Устю-Мозага, Үстіңгі-Саркөл, Хая-Бажы, Хербис, Ээрбек I-IV, Ямалық, Чайлаг-Хем, Шанчиг, Шөлде-Тей жазбалары, Карелия өңіріндегі Онежск жазбалары, Красноярский Край өңіріндегі Кызыл-Хая, Большая Боярск жазбалары, Қаратағ, Красный камень, Ленск петроглифтері, Сулекск және Шалоболлинск жазбалары, Оглахтинская, Тепсей, Ұлазы, Хана-Шулуун жазбалары, Хакасия өңіріндегі Қарасұқ жазбалары, Оглахты, Подкамень, Сундуки, Усть-Тюба, Хызын Хыр жазбалары, Забайкальский край өңіріндегі Бэшегтуу, Наушки, Цаған-Заба, Селенга, Субуктуй, Сулекск жазбалары, Шаман-гора, Харанхой жазбалары, Иркутская өңіріндегі Шишкинск жазбалары, Кемеровская өңіріндегі Новоромановск петроглифтері, Урал өңіріндегі Белая, Билабан, Зенковск жазбалары, Змиев Камень, Ирбит, Исаковск жазбалары, Исеть, Караульный Камень, Маскальск I жазбалары, Соколий Камень, Уфа, Тағыл, Чусовая, Юрузан жазбалары. Қазақстандағы Ақ-Бауыр, Арпаөзен, Баян-жүрек, Жайлау, Жайсан, Ешкі-өлмес, Қойбағар, Құлжабасы, Ой-Қаратау, Жетісу, Таңбалы, Теректі Әулие петроглифтері. Қырғызстандағы Саймалы-Таш,

Сүлейман-Тоо петроглифтері. Өзбекстандағы Қарақиясай, Сармышсай петроглифтері. Әзербайжандағы Гобустан петроглифтерін айтуымызға болады [8].

Қорыта келгенде суретті жазу да затты жазу сияқты жеткізілуі керек хабардың дыбысталуын емес, мағынасына басымдық береді екен. Дегенмен, дыбыстық ребустың көмегімен бейнелеуге келмейтін, бейнеленетін және астарлы сөздердің арасында мағыналық байланыс болмаса да, бірдей немесе ұқсас дыбысы бар басқа сөзбен ауыстыруға болады. Мұндай ауыстыру қажеттілігі негізінен адам аттарын жазу кезінде туындаса керек. Мысал ретінде азтектердің қарабайыр суретті жазуын келтіруге болады. Ондағы хабар суреттер арқылы беріледі: садақ пен жебе соғысты, арыстан мен жүрек адам атын немесе лақабын «Арыстанжүрек немесе Арыстан жүректі», бас сүйек – өлімді, жылаған көз – жесірді бейнелейді.

Бүгінгі күнге дейін көшпелі халықтардасақталған таңбаларды идеографиялық жазудың ерекше түрі ретінде қарастыруымыз керек. Таңбалар көне мәдениеттердің барлығында кездеседі. Әсіресе көшпелі халықтар арасында кең таралып, сақталған. Негізінен меншік құқын білдіретін таңбалар малдың жамбасына күйдіріліп басылған, заттарға бояумен салынған немесе ойылған. Отырықшы халықтар ішінде алғашқы таңбаларды Ежелгі Шығыс мәдениеттерінен вавилондықтар мен хетиттерден табылғанын білеміз. Кіші Азия деп аталған Түркия жерінде және Германияның солтүстік және шығыс жағалаулы аймақтарында кездесетін үй таңбалары (housmarken) деп аталатын таңбалар кезінде сол үй иесінің немесе әулеттің не шаруамен айналысатындығын білдіретін идеограммалық белгісі десек те болады. Орақ – егінші, диірмен – диірменші, балға – ұста, балта – ағаш шеберін, кілт – қалашық басшысын білдірген. Яғни, бұл таңбалар нағыз идеограммалар болған. Дегенмен бұл таңбалардың арасында нақты қызметі мен мағынасы ашылмаған таңбалар да кездеседі. Бұл мағынасын түсінуге болмайтын геометриялық пішіндер түріндегі белгілер суреттің модификациясын білдіре ме, әлде ерікті түрде таңдалған бейнелі емес белгішелер ме, түсініксіз. Бұл үй таңбалары кейіннен белгілі бір мағынада өз иелерінің монограммаларының (қолтаңба) рөлін атқарды: бұрын сауатсыз адамдар құжаттарға қол қойғанда оларды қарапайым әріптер ретінде пайдаланды, ал ауқаттылары бұл таңбаларды мөр ретінде пайдаланды.

Жоғарыда аталмыш белгілер есімдердің немесе фамилиялардың аббревиатурасы ретінде қызмет атқарса, ал қылмыскерлер пайдаланған таңбалар олардың бастан кешкен барлық оқиғаларының «қысқартылған» бейнелі ақпарат алмасу құралы ретінде қолданылды. Қылмыскерлердің дене мүшелеріне салынған бұл таңбалар барлық қылмыс әлеміне белгілі және таңба иесі жайында алғашқы мағұлмат беретін құрал еді. Қылмыс әлеміндегі таңбалар жайлы жанжақты, кең қамтылған еңбекпен 1899 жылы шыққан И. Гробтың «Қылмыстық антропология және криминология мұрағаты» деп аталатын еңбегінен танысуға болады [9]. Байырғы қарабайыр халықтар тарапынан да оқиғаларды қысқартылған суреттер арқылы бейнелеп жеткізу тәсілі кездеседі. Мысалы, Солтүстік Америка үндістерінің «Winter-Count» (Қысқы санаулар) деп аталатын қысқа түрде суреттермен жеткізілетін жыл қайыру шежірелері белгілі. Бұл шежіреде жылдың ең басты оқиғасы төмендегідей жазылып отырған (1-сурет қараңыз).



1-сурет. Lone Dog, winter count. Sioux. NA.702.5

Көне түркілер кейіннен қазақтар да ХІХ ғасырға дейін белгілі оқиғалар негізінде жыл қайырып жүргенін білеміз. Көне түрік жазбаларында кейде жыл аталмай, оқиға желісі аталады. Мысалы, Өтүкен жерінде отырған уақытта, Қырғызды ұйқыда басқан кезде деген сияқты. Кейін қазақ тарихында кездесетін «Ақтабан шұбырынды», Жоңғар шапқан жыл, Тәуке билік еткен жыл деген сияқты оқиғаларға негізделген жыл қайырулар кездесіп тұрады.

Заттық жазу да, суретті жазу да нақты мағынада біз білетін «жазу» емес. Себебі, бұл жазу құралдары ойды немесе айтылған сөзді дыбысталуындағыдай нақты жеткізбейді, тек жалпылама түрде болжалды нұсқасын ғана жеткізе алады. Ал қазіргі таңда біз жазу деп сөз негізді, буынды немесе алфавитті жазу құралына қарамастан тек ойдың немесе айтылған хабардың дыбысталуын сөзбе-сөз жеткізетін нұсқасын атаймыз. Жазудың одан әрі дамуын зерттеу үшін, өкінішке орай, бізде бақылаулар үшін жеткілікті эмпирикалық материал жоқ, сондықтан біз өз зерттеуімізді көбінесе теориялық негізде дәлелдеуге тырсамыз. Әрине, бұған дейінгі жазу тарихы тақырыбындағы жазылған ғылыми еңбектер мен зерттеулер нәтижелеріне де жүгінетін боламыз. Әуесқой зерттеушілер үшін жазудың даму кезеңдері өте қарапайым сияқты көрінеді. Олардың түсінігінде идеографиялық немесе фразалық жазудың дамуы нәтижесінде ой жазуы пайда болады. Ой жазуының күрделеніп дамуы негізінде әр сөздің бөлшектеніп таңбалануы арқылы буындық жазу қалыптасады. Ал буындық жазудың күрделі дамуы негізінде буындар тағы да кішірек дыбыстарға негізделген таңбалану жүйелері арқылы дыбыстық немесе алфавиттік жазуды қалыптастырады. Неміс ғалымы К.Зете өзінің «Суреттен жазуға дейін» атты еңбегінде мысыр жазуының дамуын осы негізде дәлелдеп, жазудың табиғи даму жолы деген атау берген еді [10]. Дегенмен біздің пайымдауымызша жазу дамуының тарихы жоғарыда айтылғандай қарапайым және бірізді болуы мүмкін емес. Сөз, буын

және дыбыс бізге мектеп қабырғасынан бастап сіңірілгендіктен біз үшін қарапайым болып қабылдануы мүмкін. Дегенмен алғашқы адамдар үшін бұл білімді игеру сол кезеңнің өлшемдері негізінде мүмкін емес сияқты. Ал сөздерді жеке буындарға немесе дыбыстарға бөлу тіптен күрделі дүние. Ендеше бұл білімге адамзаттың ие болуы өте баяу және күрделі кезеңдер негізінде қалыптасқаны анық. Сондықтан жазу жүйелерінің тарихи дамуын қарастырар алдында біз бұрын қалыптасқан теориялар негізінде жазудың әр даму кезеңін жеке қарастырғанды жөн санаймыз. Осы негізде жазу тарихын «фонетикалық емес ой жазуынан – алфавитті жазуға» дейін қалыптасқан дәстүрлі теориялық негізде бастап, жылдар бойы ғалымдардың зерттеген зерттеу нәтижелері мен өз зерттеулеріміз бен талдауларымыз негізінде нақты жазу үлгілері мен деректер негізінде нақтылап, түзетіп, қорытындылауға тырысамыз.

Идеографиялық жазу түрінде қарапайым немесе күрделі ой тек бір сурет арқылы беріледі. Бұл ой айтылмақ болған сөйлемге сәйкес келуі мүмкін, бірақ үнемі онымен бірдей бола бермейді. Мұндай хабарды оқу үшін нақты бір тілді білу міндеттелмейді, себебі хабар сурет арқылы беріліп, тілдік элементтерге қажеттілік тудырмайды. Дегенмен, тұтас бір мағынаны беру үшін ерекше маңызды жеке сөздерді арнайы бірлік ретінде оқшаулап, арнайы белгілермен белгілеуге болады. Қалай болғанда да, сөйлеуді сөз элементтеріне ыдыратудың, қажет болса, сөздерге арнайы белгілер арқылы белгілей отырып сурет арқылы да көп дүние жасауға болады. Бұл суретті күрделендіргенмен жазу тарихында маңызды рөлге ие. Сөздердің маңыздылығы артқан сайын хабардағы маңызды сөздерді жеткізуге деген құлшыныс идеографиялық жазудың сөз жазуға ойысуына өз ықпалын жасаса керек.

Сөз жазуда әрбір жеке сөз арнайы суреттік белгімен бейнеленеді. Бұл идеографиялық жазуға қарағанда өте маңызды жетістік. Себебі, сөз жазуы айтылған ойдың жалпы мағынасын емес, айтылған сөздің сөзбе-сөз әр мағынасын кодтайды. Сурет бастапқыда ұғымды жеткізгендіктен, ал дыбыс есепке алынбағандықтан, теориялық тұрғыдан біз флективтік элементтерді, яғни, септік және жіктік жалғауларды әлі жазуға ақтара алмағандықтарын байқаймыз. Сөздердің орын тәртібі сурет таңбаларының ретінен анықталғанмен сөйлемдегі сөздердің ара қатынасы әлі қарабайыр еді. Бұл айтылған хабарды бүге-шігесіне дейін анық та нақты түсінгісі келетіндердің тілдің грамматикалық құрылымына деген сұраныс тудырғаны хақ.


Адам ойын нақты жеткізудегі түрлі қиындықтар да сөз жазуында да туындайды. Суретті пайдалана отырып, санамен арнайы қабылданатын нәрсені бейнелеу оңай. Адам, құс, ит, жылқы, тәуешкі сияқты жанды тіршілік иелерін немесе күн, ай, ағаш сияқты заттарды, сондай-ақ «жылау», «күлу», «секіру», «ұшу», «ішу» сияқты көру арқылы қабылданатын әрекеттерді, яғни, етістіктерді күрделі болса да суреттер арқылы беруге болатынын білеміз. Мысалы, жылауды көзінен жас тамып тұрған адам салу арқылы, ұшуды қанаты бар адам салу арқылы, ішуді құмыраны аузына апарып тұрған адам арқылы салуға болады. Дегенмен практикалық тұрғыда қарапайымдылық үшін бүтіннің орнына бөлшек салынған, әрине бұл бөлшек тұтас ұғымға тән болған кезде. Мысалы, найза барлық қаруды, ағаш орманды білдірді. Бірақ «басқару», «ойлау», «сөйлеу» сияқты сезім мүшелеріміз арқылы қабылдай алмайтын ұғымдар мен әрекеттерді жеткізу

қиындық тудырды. Бұл жағдайдан шығу жолын сипаттамалық суреттер арқылы шешуге тырысты. Мысалы, мысырлықтар билік, басқару ұғымын жеткізу үшін аса таяғы бар адам бейнесін, сөйлеу, айту етістігін адам аузына қолын апарып айғайлап жатқан бейнесін, немесе ауыз бейнесін, ойлау әрекетін жеткізу үшін жағын таянып тұрған адам бейнесі, есту әрекетін жеткізу үшін қолын құлағына апарып тыңдап тұрған адам немесе құлақ бейнесі арқылы жеткізуге тырысқан. Бұл кезеңдегі ең маңызды құбылыс бүтіннің орнына бөлшектің пайда болуы. «Жүру» әрекетін жеткізу үшін жүріп бара жатқан тұтас адам бейнесі емес, жүру бейнесіндегі екі аяқ суреті жеткілікті еді. Бұл жазу таңбалары әлі суретті жазудан алыс емес, әр таңба салынған суреттің мағынасын ғана берді, оның дыбысталуын таңбалайтын жазу түріне әлі қолжеткізілген жоқ еді.

Адамдардың хабарды нақты жеткізу талабына деген сұраныс әсіресе жалқы есімдерді жеткізудегі қиындық дыбыстық кодтауға, яғни, дыбыстық жазуға сұраныс тудырды. Адамдар суретті жазудағы жоғарыда мысал келтірілген аса таяқұстаған адамның билеуші ме әлде бұйрық беру ме? Аузына қолын апарып тұрған адамның сөйлеуші ме, тамақ жеуші ме? – екендігін ажырату керек болды. Осы негізде дыбыстық ребусқа негізделген жазу жүйесін қолдана бастады. Мысалы, Арыстанбек атын жеткізу үшін арыстан және бек мағынасындағы бейнелерді салуымыз керек. Ал кейін бұл ребустық жүйе тағы да дамып, сурет бейнелі таңбалардың алғашқы буындарына негізделе бастаса керек. Бұл ребустық жүйе адамзат мәдениетінде затты жазу кезеңінде де қолданылғанын білеміз. Мысалы алдыңғы бөлімдерде баяндалған Сақ (скиф) көсемінің жеріне басып кірген парсы патшасы Дарийге жіберген «құс, тышқан, бақа және бес садақ жебесінің ұшы» хабарламасы да осы ребустық жүйеге негізделген еді. Яғни, құс ұшудың, тышқан жерге кірудің, бақа көлге сүңгудің, ал садақ өлімнің символы болды. Затты жазудағы осы ребус жүйесі де суретті ой жазуында да адамзат кәдесіне жарады. Бұл алғашқы дыбыстық жазуға деген бетбұрыс еді.

Суретті жазуда нақты заттық негізді сезім мүшелерімізбен қабылдай алатын (конкреттік) атауларды толық немесе нақты бір ерекше бөлшегін салу арқылы, ал нақты заттық негізі жоқ абстрактілі дүниелерді дыбысталуына байланысты ребустық жүйе арқылы таңбалау түрлі кезеңдерді, әлемнің әр түрлі аймақтарында кездеседі. Осы сурет – символ – дыбыстық ребус үштігі жазу тарихының осы кезеңіндегі ең маңызды элементтерінің бастысы болып қала бермек. Шын мәнінде, біз жазудың қалыптасу процесін бақылау барысында әрқашан осы үш элементті жазу тарихының даму кезеңдерінде бірге көреміз. Дыбыстық ребус жазудың даму тарихының ең басты затты жазу мен идеографиялық жазу кезеңінде маңызды рөл атқарғандығын байқаймыз. Жазу дамудың бір сатысынан екіншісіне өту ешбір қиындықсыз, оңай болған емес. Тек сөздің өзін ойдың жеке бір элементі ретінде танылуы көне замандағы қарабайыр ойлы адам үшін оңай шаруа болмағандығы анық. Бір кезеңдегі элементтің келесі кезеңдегі жаңалықты қабылдауы және жаңа элементтің ескісін ығыстырып шығаруы ұзақ уақыт алса керек, біз көп мәдениеттерде идеографиялық жазу мен сөз жазуының ұзақ жылдар бойы бірге өмір сүргендігін байқаймыз [1; 3].

Дыбыстық ребус – жазудың фонетикалық ұйымдасуына жасалған алғашқы қадам. Бастапқыда жазу тілдің барлық дыбыстарын жеткізе алатын күйден емес еді. Алғашында

сөз құрамындағы ұқсас дыбысты бүтін сөздермен бөлшектеніп жеткізілуге тырысылды. Яғни, сөздің дыбыстарға ыдырауы толық жүзеге асырылмаған болатын. Көп еңбектен кейін адамдар сөзден кейінгі кіші бөлшек «буынмен» танысты. «Буынды» меңгеру адамзатқа өте қиын еді. Себебі, буын бір өзі ешқандай мағынаға ие емес, адамзатқа түсініксіз (абстрактілі) құбылыс еді. Ал буынды қолдану үшін сол тілдің сөз құрылымы маңызды еді. Моносиллабты түбірлердің көп, әрі ыңғайлы (CV, VC немесе CVC) болуы жазудың дамуында маңызды екендігі анық. Себебі, CVCCC, CCVCC сияқты буындардың ребустық тұрғыда сөзді кодтауда қолданылуы сирек болар еді. Ендеше жазудың дамуында флективті тілдерден қарағанда аглютинативті тілдердің түбірдің өзгеріссіз қалуымен қатар жалғау арқылы түрленуі тілдің ең көне қасиеттерінен бірі болса керек. Мысалы, флективті тілдер қатарына жататын неміс тіліндегі Rathous (муниципалитет) сөзін Rad (доңғалақ) және Haus (үй) суретті таңбалары арқылы дыбыстық ребус түрінде бере аламыз. Дәл осы әдіспен Beraten (кеңес беру) сөзіндегі dегендегі rat (be-RAT-en) сөзінде де осы негізде қолданылады. Бірақ сөз басындағы be және соңындағы en буындарын жазуда қиындық туады. Тек дыбысталуы ұқсас түрде beer – rat – ten мағынасында таңбаланып берілуі мүмкін. Ал аглютинативті (жалғамалы) тіл ретінде танылған шумер жазу таңбасында  арамшөп мағынасын берген «mu» сөзі басқа сөздердегі -mu дыбыстарын таңбалануда да оңай қолданылды. Мысалы, mudu (ол тұрғызды) сөзін жазуда mu буынын көрсете алады.

Дегенмен жазуды қолданушылар буынды бірден барлық жазбаларда қолданып кетпеді. Көбінесе сөз жазуы қолданылып тек жалқы есімдерге келгенде осы буындық әдіс қолданылған. Бұны біз Кіші Азияда кеңінен қолданылған сына жазуларында көре аламыз. Адамдардың жазу мәдениетінде сөздің буындарға бөлініп дыбысталуы өте үлкен еңбекпен келді. Ал адамдар буынды ажырата бастаған соң дыбыстарды ажыратуы оңай болды деу мүлде қате болар еді. Себебі, біз білетін батыс мәдениетіндегі жазулардың атасы болып саналатын батыс семит жазуының тек дауыссыз дыбыстар негізінде жасалғанын ұмытпауымыз керек. Кейіннен бұл жазуды гректер өздеріне бейімдеп дауысты дыбыстарды қосқанын білеміз. Бұл жөнінде жазу тарихына алғаш қалам тербеген К.Зетениң және И.Фридрихтың еңбектерінен оқи аласыздар [1, б.41-47; 3].

Қорытынды

Әлем тарихында өз орны бар түрік халықтары үшін жазу мәдениеті жат дүние емес. Сонау неолитік кезеңнен бастап көшпелілер өмір сүрген аумақта жазуға деген талпыныс туып, көптеген із қалды. Қаншама петроглифтер мен үнгір суреттері бұған дәлел. Кейіннен бұл суреттермен бірге киелі таңбалар салынды. Бұл адамзат өркениетінде құдіретті күшті мойындау, адамзаттың табиғатты түсінуіне деген философиялық ұмтылысының туындысы еді. Кейіннен мен деген ұғым қалыптасып, меншік құқын білдіретін таңбалар тарала бастады. Прототүрік, түрік кезеңінен бізге жеткен қаншама таңбаларды білеміз. Кешеге дейін қазақ халқында әр рудың өзіндік меншік және билік аумағын белгілейтін таңбалар қолданғанын білеміз. Рулы ел өз меншігін ру таңбасымен белгілеп, оның меншіктік және аймақтық әкімшілік иесін

анықтады. Көшпелілер өмірінің басты байлығы болған малға басылған таңбалар оның қай руға тиесілі екендігін білдірсе, оның құлағына салынған «ен» оның меншікті иесін нақтылады. Орталықтанған әкімшілік жүйелердің қалыптасуы билік таңбаларын қалыптастырды. Бұл билік таңбалары елдіктің нышаны еді. Кейін осы билік әулеттен шыққан билік иелері осы билік әулетіне тиесілі екендігін көрсету үшін осы негізгі билік таңбасына қосымша элементтер қосу арқылы билік жүйесінің заңды жалғасы екендігін дәлелдеп отырды. Бұнда жазу мәдениетінің ерекше түрлері еді. Кейіннен Ғұн мемлекеті, Сақ мемлекеті сияқты орталықтанған билік жүйелерінің қалыптаса бастауы жазуға деген сұранысты арттырса керек. Бұған дейін қалыптасқан меншік және билік таңбалары негізінде өз жазуларын қалыптастыруға тырысқан сияқты. Бұл процестің сонау Ғұн, Сақ кезеңінен бастау алғандығын біз Есік қорғанынан табылған күміс тостағандағы жазудан, Керекуден табылған Сүйек алқадағы жазудан көре аламыз. Дегенмен бұл кезеңде жазуды аса құрметтеп, оның киелі, сырлы дүние ретінде дәріптеп, онымен тек белгілі адамдардың ғана айналысуға құқы болғандығын аңғаруға болады. Сол себепті, осы кезеңдерге тиесілі жазу үлгілерінің өте аз болуымен түсіндіре аламыз. Бұл автохтонды негізді әлемнің алғашқы жазу үлгілерінің барлығына дерлік ортақ құбылыс. Бірақ біз бұл кезеңдегі жазудың нақты кілтін әлі таппадық. Оған, жазу үлгілерінің аздығы, сол кезеңдегі қолданылған тілдің нақтыланбауы, жазу түрінің жазу дамуының қай кезеңіндегі, қай түрге тиесілі екендігін (суретті жазу, ой жазуы, буындық жазу немесе алфавиттік жазу) анық білмегендіктен нақты болжам жасай алмай отырмыз. Дегенмен, біз дала көшпелілері өмір сүрген аумақтардан табылған петроглифтер, таңбалар мен жазба деректерде хатталған жазуға қатысты барлық деректерді өңдеу арқылы көне түріктердің жазу мәдениетінің өте ерте кезеңнен бастау алып, өз автохтонды негізді жазуларын жазуға толық негіз бар екендігін дәлелдеуге тырыстық. Олар қалдырған петроглифтер, таңбалар жүйелі жазудың алғышарты болып саналады. Ендеше осындай бай алғышарт қалдырған дала көшпелілерінің әлем жазу мәдениетіндегі орны ерекше. Олар жазу дамуының барлық кезеңдеріне тиесілі қарабайыр жазу үлгілерінің мол мұрасын қалдырды. Ал көне түрік бітігі жазуы осы дала көшпелілерінің мыңдаған жылдарға ұласқан жазуға деген ұмтылысынан, мәдени серпілісінен туған туынды деуге болады.

Қаржыландыру. Мақала Қазақстан Республикасы, Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым комитетінің қаржыландыруымен өткізілген АР14972685 «Қазақ жазуы мәдениетінің бастаулары (Суретті жазудан алфавиттік жазуға дейін)» атты ғылыми жобасы негізінде дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

1. Иоганнес Ф. История письма. – Москва: Наука, 1979. - 464 с.
2. Hatice Ş.U. Başlangıcından günümüze türk yazı sistemleri. – Ankara: Akçay Yay, 2006. 408 p.
3. Moldabay T. History of Turkic alphabet development // Turkic Studies Journal. – Astana, 2023. Vol. 5. No. 1. P. 49-59
4. Danzel W. Die Anfänge der Schrift. Leipzig, 1929. 218 p.
5. Weule K. Vom Kerbestock zum Alphabet. Urformen der Schrift. Stuttgart, 1915. 216 p.

6. Richard P.K. The Symbolical Language of Ancient Art and Mythology. New York: Hard Press Publishing, 2013. 453 p.
7. Ескеева М.Қ. Қазақ жазуының тарихи негіздері. – Астана: Еуразия ұлттық университеті, 2002. – 125 б.
8. Шаймердинова Н.Г., Молдабай Т. Еуразия кеңістігінің петроглифтері және таңбалары түрік мәдениеті мен жазуының архетиптері ретінде // Turkic Studies Journal, № 4, 2023. – С. 35-5.
9. Grob J. Archiv für Kriminal-Anthropologie und Kriminalistik. Leipzig: 1899. V. 1. S.65.
10. Kurt S. Vom Bild zum Buchstaben. Leipzig, 1939. S. 107.

References

1. Iogannes F. Istoriya pis`ma [The history of writing] (Science, Moscow, 1979, 464 p.). [in Russian]
2. Hatice Ş.U. Başlangıcından günümüze türk yazı sistemleri (Akçay Yay, Ankara, 2006, 408 p.). [in Turkish]
3. Moldabay T. History of Turkic alphabet development, Turkic Studies Journal. 5(1), 49-59, (2023).
4. Danzel W. Die Anfänge der Schrift (Leipzig, 1929, 218 p.). [in English]
5. Weule K. Vom Kerbestock zum Alphabet. Urformen der Schrift (Stuttgart, 1915, 216 p.).
6. Richard P.K. The Symbolical Language of Ancient Art and Mythology (Hard Press Publishing, New York, 2013, 453 p.).
7. Eskeeva M.Q. Kazak zhazuynyn tarihi negizderi [Historical foundations of Kazakh writing] (Eurasian National University, Astana, 2002, 125 p.). [in Kazakh].
8. Shaimerdinova N.G., Moldabay T. Eurazia kenistiginin petroglifteri jane tanbalary turik madeniyeti men zhazuynyn arhetipteri retinde [Petroglyphs and symbols of the Eurasian space as archetypes of Turkish culture and writing], Turkic Studies Journal, 4, 35-51, (2023). [in Kazakh]
9. Grob J. Archiv für Kriminal-Anthropologie und Kriminalistik (Leipzig, 1899, V.1., 65 p.). [in German]
10. Kurt S. Vom Bild zum Buchstaben (Leipzig, 1939, 107 p.). [in German]

Т.Молдабай

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Истоки письменной культуры у степных кочевников

Аннотация. В статье рассматриваются предпосылки периодизации письма в культуре степных кочевников, анализируются этапы развития пиктографической предметной и идеографической письменностей. Многие петроглифы, символы, оставленные степными кочевниками, вероятно, отражают их стремление к познанию окружающего мира. Авторы статьи в составе нескольких экспедиций изучали петроглифы Шивээт Хайрхан, Аршан хад, Хойт-Цэнхэр, Бага-Ойгур в Монголии; Бичикт-Бом, Караколь, Бижикт-Хая, Бии-Хем, Карасук в России; Ак-Баур, Жетысу, Тамгалы, Теректи в Казахстане. На основе письменных источников, а также устного творчества, передаваемого из поколения в поколение, в статье рассматриваются истоки письменной кочевой культуры. Изучение античных греческие источники позволило исследовать петроглифы и пиктограммы и сакской эпохи и рассмотреть преемственность некоторых традиции и элементов пиктограммно-идеографического письменности в древнетюркской письменности и в целом тюркской письменной культуре.

Авторы утверждают, что некоторые исторические события запечатлены в традиции тюркского летоисчисления таких, как «Қоян жылғы аштық» (Голод в год кролика), «Мешін жылғы соғыс» (Война в год обезьяны) и являются отражением предметной кочевой культуры. В процессе исследования установлено, что схожесть многих петроглифов и символов с древнетюркским алфавитом подтверждает культурно-познавательную преемственность письменной культуры кочевников.

Ключевые слова: письменность, культура, руника, алфавит, история письменности, тюркские народы, степные кочевники, петроглифы, символы.

T. Moldabay

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The Beginning of Writing Culture among Steppe Nomads

Abstract. In our study, we focus on periods leading up to the ancient Turkic Bitig script of the steppe nomads, analyzing the prerequisites and possibilities of writing culture. There are many petroglyphs and symbols that belong to early pictographic writing in the regions inhabited by steppe nomads. We have worked with these petroglyphs and symbols during several expeditions, including Shiveet Khaikhan, Arshan Khad, Hoyt-Tsenher, Baga-Uygur in Mongolia, Bichikt-Bom, Karakol in the Altai Mountains of Russia, Bizhik-Khaya, Bii-Khem in Tuva region, Karasuk inscriptions in the Khakassia, and AkBauyr, Zhetysu, Tangbaly, Terekti petroglyphs in Kazakhstan. Regarding the Greek data related to the period of object-based writing pertaining to the Saks, representatives of the steppe nomads, are presented. Focusing on the concepts formed from the writing history passed down through generation, this article considers its utilization among nomadic communities. It is clear that the tradition of counting the years and remembering well-known events, such as, “The Famine of the Year of the rabbit”, “The massacre of the Year of the Monkey” in nomadic culture, also the object-based writing and pictographic writing created the prerequisites of ancient Turkic script. This cultural-cognitive continuity is probably one of the main reasons why many petroglyphs and symbols are similar to the ancient Turkic script. Through this article, we have confirmed that all samples of historical writing periods are found in regions inhabited by steppe nomads. We aim to convey, their significant role in the formation of the ancient Turkic script and also their place in the world writing culture.

Keywords: writing, culture, script, alphabet, writing history, Turkic peoples, steppe nomads, petroglyphs, symbols.

Автор туралы мәлімет:

Молдабай Т. – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Moldabay T. – PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).